«Бекітемін»
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№20 «Нұршуақ» балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры __________ Ж. Е. Смагулова

«02» ___09___ 2025 ж

**Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар 3-4 жастағы баламен жүргізілетін жеке ұйымдастырылған іс-әрекеттің жылдық жұмыс жоспары**

**(«Құлпынай» орта тобы)**

**Педагог-ассистент: Асхар Алтынжол**

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**Бағдарлама мақсаты:** Баланың танымдық, эмоциялық-ерік және коммуникативтік салаларын дамыту, әдеуметтік бейімделуін қолдау.

**Бағдарлама міндеттері:**

1. Эмоциялық жай-күйін тұрақтандыру;
2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
3. Танымдық үдерістерді (зейін, ес,ойлау,қабылдау)жетілдіру;
4. Ұсақ және ірі моториканы дамыту;
5. Сөйлеуді белсендіру және тілдік қорды байыту;
6. Ойын және дербест іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.

**Түсінік хат**

Перспективалық жоспар 3–4 жастағы **қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылысы,** диагнозы бар баланың ерекше білім алу қажеттіліктерін өтеуге бағытталып, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкестендіріліп жасалды.

**Нормативтік-құқықтық негіздер:**

– ҚР «Білім туралы» Заңы — мектепке дейінгі ұйымдарда барлық балаға тең мүмкіндік жасауды міндеттейді;

– ҚР Білім және ғылым министрінің №6 бұйрығы — педагог-ассистенттің функционалдық міндеттері мен жұмыс ережесі анықталды; педагог-ассистент баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзивті ортада қолдау көрсетеді;

– ҚР Оқу-ағарту министрінің №338 бұйрығы — Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тәртібі бойынша жеке бағдарламаны дайындауға және жүзеге асыруға негіз болды;

– ҚР АИНБДҰҒПО Әдістемелік нұсқаулығы (Алматы, 2024) — «Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарламасы әзірлеу» нұсқаулығына сәйкес жасалды;



Scanned with CamScanner

– 2025–2026 оқу жылына арналған Балаларды ерте дамыту институтының әдістемелік нұсқау хаты — мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша.

**Жоспардың негізгі мақсаты:**

Баланың коммуникативтік, таным-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын түзете отырып дамыту; оның қоршаған ортаға бейімделуі мен болашақта жалпы білім беру үдерісіне қосылуына негіз даярлау.

**Жоспар мынадай 5 негізгі дағдыны қамтиды:**

– 1-дағды — Коммуникациялық дағды: ересекпен және балалармен қарым-қатынас орнату, тілдік белсенділікті арттыру, диалогқа түсу;

– 2-дағды — Әлеуметтік-эмоционалды дағды: эмоцияларын тану және реттеу, басқалармен бірлесіп ойнау, ортақ іс-әрекетке қатысу;

– 3-дағды — Өзіне-өзі қызмет ету дағдысы: киіну-шешіну, тамақтану, тәртіп ережелерін сақтау арқылы тұрмыстық дербестікті қалыптастыру;

– 4-дағды — Таным-зияткерлік дағды: зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды салыстыру, жіктеу, топтастыру;

– 5-дағды — Қозғалыс дағдысы: ірі және ұсақ моториканы дамыту (саусақ жаттығулары, сурет, қию, ілгек тағу және т.б.).

**Күтілетін нәтижелер:**

– Бала педагогпен және балалармен қарапайым деңгейде қарым-қатынас жасайды;

– Байланыстырып сөйлеудің қарапайым түрін қолданады, шағын әңгіме құрастырады;

– Құрдастарымен ойнауға, бірлескен іс-әрекетке қатысады;

– Эмоциясын жеткізіп, басқа адамның көңіл күйін түсінеді;

– Мектепке қажетті негізгі дағдыларға (тәртіп сақтау, тапсырма орындау) бейімделеді.



Scanned with CamScanner

| р/б № | Іске асырылатын бағыт | Тақырыбы | Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | **1-2- апта диагностика** | |
| | | **3-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны дағдыларын қалыптастыру** | «Отбасым» | Баланы отбасы мүшелерімен таныстыру (ана, әке, ата, әже)Сөздік қорын дамыту ,қарапайым сөздер мен қысқа сөйлемдерді қолдануға үйрету,көру, есту, зейін және қабылдау қабілеттерін дамыту,әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру |
| 2 | **Танымдық дамыту, көркемдік-эстетикалық дамыту** | Менің балабақшадан | Отбасы суреттерді көрсету,<br>«Ана», «Әке» сөздерін қарапайым ым-ишарамен жауап беру |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Ойыншықтар» | «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Ойын жағдайында балалар қарапайым ым-ишараны қолдана отырып өз қажеттіліктерін білдіруге ынталандыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-** | Түрлі-түсті түстер | ҰОҚ барысында балалар жаңа түстермен танысады: көк және жасыл түсті заттарды ажыратуды үйрету;<br>Ересекпен жеке ойын барысында балалар ересектің қарапайым қимылдарын қайталауға үйрету; |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | | |
| | | **Қазан** | |
| | | **1-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Күз» | «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар өз сөздік қорын біртіндеп арттырады: ойын кезінде таныс заттарды атауға талпындыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Күз» | Балалар тәрбиешімен доп домалату ойынына қатыса отырып, қарапайым кезектесу дағдысын меңгерту;<br>Балалар пішіндер туралы білімін кеңейтеді: шеңбер мен төртбұрышты қайталап, үшбұрыш пішінін ажыратуды үйрету; |
| | | **2-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Көкөністер» | «Көкөністер» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>«Бұл не?» деген сұраққа жауап беру дағдысы дамыту; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Көкөністер» | Балалардың қатарластарының жанында қатар ойнау дағдысы қалыптастыру;<br>Түстер мен пішіндерді игеруді бекіту мақсатында балаларға заттарды екі белгісі бойынша сұрыптауға үйрету; |
| | | **3-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны** | «Жемістер» | «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **қалыптастыру** | | Сөйлеу тілінде қарапайым сұраулық интонация мен «иә/жоқ» жауаптарын қолдану дағдысы қалыптастыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Жемістер» | Ойын ситуацияларында эмоцияларды білдірудің бастапқы дағдылары дамыту;<br>Заттардың өлшем ұғымдарын енгізу басталады. Балалар ойын арқылы «үлкен–кіші» деген қарама-қарсы ұғымдарды ажыратуға үйрету; |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Бақ мен бақша» | «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Екі кезеңді қарапайым командаларды орындау дағдысы дамыту; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Бақ мен бақша» | Балалар қарапайым қарым-қатынас қадамдарын өз бастамасымен жасауға үйрету;<br>Балалар өз дене мүшелерін және ойыншық қуыршақтың дене бөліктерін көрсетуді үйрету; |
| | | **5-апта** | |
| **1** | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Орман. Саңырауқұлақ» | «Орман. Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар қарапайым сұрақтарды түсініп, оларға жауап беруді жалғастырады. Осы аптада «Мынау кім?» деген сұраққа жауап беру дағдысы қосу;. |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Орман. Саңырауқұлақ» | Балалар құрдастарымен қарапайым өзара әрекетке түсудге үйрету; Логикалық ойлауды дамыту үшін қарапайым пазл құрастыру тапсырмасы беріледі. Балалар 2–3 бөлікке бөлінген сурет бөлшектерін құрастыруды үйренеді. Мысалы, суреті екіге бөлінген доптың қиықтарын дұрыс құрастырып, бүтін доп жасауға талпындыру; |
| | | **Қараша** | |
| | | **1-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Үй жануарлары» | «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар екі бөлікті қарапайым фразалар айтуға талпынады. Осы кезеңде «тағы бер», «тағам бер» сияқты екі сөзден тұратын өтініш фразаларын қолдану ынталандыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Үй жануарлары» | Балалар ересекке бастамашылдықпен жүгінуді үйренеді. Мысалы, ойында қиындық туындағанда немесе қажет зат қол жетпей қалса, бала өз бетімен тәрбиешіден көмек сұрауға талпыныс жасауды үйрету;<br>«Көп–аз» сандық ұғымдарын ажырату енгізіледі. Ойын арқылы балалар екі топтағы заттарды салыстырып, қайсысында зат көп, қайсысында аз екенін анықтауға үйрету; |
| | | **2-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны** | «Жабайы аңдар» | «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **қалыптастыру** | | қалыптастыру<br>Балалардың сұраққа жауап беру шеберлігін арттыру; Енді баладан «қайда?» деген сұраққа жауап беру жаттықтыру. |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Жабайы аңдар» | Балалар шағын топпен ортақ іс-әрекетке қатысуға үйренеді.<br>Мысалы, «Ортақ сурет салу» ойынында бір үлкен қағазға екі-үш бала бірге сурет салады: бірі күннің суретін, екіншісі бұлтты бояйды, үшіншісі ағаштар салады.<br>Танымдық және зияткерлік дағдылар: Балалар «ұзын–қысқа» түсініктерін меңгереді. Бұл аптада түрлі ұзындықтағы заттарды салыстыру үйрет; |
| **3-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Үй құстары» | «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Баланың «иә/жоқ» арқылы ғана емес, қысқа сөз тіркестерімен де өз таңдауын білдіруіне көңіл бөлу; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Үй құстары» | Сатып алушы бала сөредегі ойыншықты сұрайды («беріңізші» ыптастыру;<br>Пазл құрастыру шеберлігідеп немесе ишарамен), ал сатушы бала ойыншықты беруді қал арттырылады – балалар 4 бөлікке дейінгі кескіндерді құрастыруға жаттықтыру. |
| **4-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | Қайталау | Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалардың қарапайым өзін таныстыру қабілеті қалыптастыру |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | Қайталау | Балалар құрдастарымен өзара ынтымақтаса ойнау дағдысын жетілдіру;<br>«1–5» саны көлемінде санау және сан мөлшерін ұғыну дағдылары бекітіледі. |
| | | **Желтоқсан** | |
| | | **1-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Қыс» | «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>«Қай түс?», «Қандай пішін?» сияқты сипаттау сұрақтарына жауап беруге үйрету; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Қыс» | Балалар өзгенің эмоциясын танып-білуге алғашқы қадам жасайды. Тәрбиеші қуыршақтың екі түрлі бет әлпетін көрсетеді (бірі – күлімдеген, бірі – мұңайған) немесе смайлик карточкаларын пайдаланады.<br>Балалар заттарды санаттарға жіктеуді үйрене бастайды.<br>Дидактикалық ойындарда «артық затты тап» тәсілі қолданылады: балаға 3-4 заттың суреті көрсетіліп, соның ішінен тақырға сай келмейтін біреуін табуды үйрету; |
| | | **2-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Қыстайтын құстар» | «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын** | «Қыстайтын құстар» | Балалар мерекелік іс-шараларға кішігірім қатысу тәжірибесін алады;<br>Кеңістіктік қатынастарды түсіну үшін практикалық ойындар өткізіледі. Балалар «үстінде–астында», «ішінде–сыртында» сияқты |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | | қарапайым кеңістік ұғымдарын іс-әрекет арқылы үйрету; |
| | | **3-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Дене мүшелері» | «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік Балалар қарапайым диалог құруға жаттықтыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Дене мүшелері» | Балалар әлеуметтік мінез-құлық ережелерін қарапайым түрде сақтауға үйрету;<br>Сандық ұғымды тереңдету үшін балалар заттардың нақты сан мөлшерін цифр таңбасымен сәйкестендіруді үйрету; |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Киімдер» | «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Сөздік қорды кеңейту жалғастырылады – балалар етістіктерді және іс-әрекет сөздерін пайдалануға үйренету; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Киімдер» | Эмпатия және жанашырлық элементтері дамыту;<br>Балалар алған білімдерін біріктіріп, күрделірек тапсырмаларды орындауға үйрету; |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| **II-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ** | | | |
| **Қаңтар** | | | |
| **1-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Жиһаз» | «Жиһаз» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру мен көшуді қамтамасыз етеді.<br>Балаларға сөйлеуде «жоқ» деп айту және бас тарту мәдениеті үйрету; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Жиһаз» | Балалар ересекпен жасырынбақ ойынына қатысу арқылы өзара әрекеттесуін жаңа деңгейге көтеру;<br>Балалар заттарды салыстыру және жұптау дағдыларын дамыту; |
| **2-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Ыдыстар» | «Ыдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>3–4 сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға ынталандыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын** | «Ыдыстар» | Балалар құрдастарының іс-әрекеттеріне еліктеуді жалғастырады, енді тура ересекке емес, бір-біріне назар аудартуды үйрету;<br>Есте сақтау және көңіл аудару қабілеттерін дамыту мақсатында қарапайым мнемикалық ойындар жүргізуге үйрету; |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **қалыптастыру** | | |
| | | **3-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Азық-түлік» | «Азық-түлік» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру Балалар құрдастарын немесе басқа адамды атымен атап шақыру дағдысын меңгерту; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Азық-түлік» | Балалардың бірлескен сюжеттік ойындарға қатысу қабілеті артады. Мысалы, «Шай ішу» ойынын бірге ойнау: бірнеше бала ойыншық ыдыстармен шайханалық ойын құрады – бірі шай құяды, екіншісі печенье «пісіреді», үшіншісі қонақ болып «ішеді» үйрету;<br>шама, көлем ұғымдарын тәжірибеде қолданып көреді үйрету; |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Пайдалы және зиянды тағамдар» | «Пайдалы және зиянды тағамдар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру;<br>Балалардың күнделікті жағдаяттарда тілді дербес қолдануы күшейту; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Пайдалы және зиянды тағамдар» | балалар өз топтарында қалыптасқан достық пен эмоционалды байланыстарды анық көрсетуге үйрету;<br>кеңістік, сан, түйсік туралы үйренген түсініктері бекітіліп, шағын «сынақ» түрінде қолданылуды бекіту; |
| | | **Ақпан** | |
| | | **1-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны** | «Құралдар» | «Құралдар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **қалыптастыру** | | сөйлесу әдебін меңгере түседі – амандасу және қоштасу сөздерін тиісті жерде айтуға жаттықтыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Құралдар» | күнделікті режимнің қарапайым реті арқылы «алдымен–соңынан» тұжырымын түсінуге жаттықтыру;<br>қысқа уақыт өз бетінше ойнауға дағдыланадыру |
| **2-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» | «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Мамандықтар: дәрігер, тәрбиеші, құрылысшы» | Дауыссыздары үйлескен сөздерді «көп», «топ», «тақ» сияқты жеңіл сөздерді айтуға үйрету. |
| **3-апта** | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштарза» | «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштарза» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар құрдастарын немесе басқа адамды атымен атап шақыру дағдысын меңгерту; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Мамандықтар: полиция қызметкері, өрт сөндіруші, шаштарза» | шама, көлем ұғымдарын тәжірибеде қолданып көреді. Мысалы, су мен құммен ойнау арқылы «толы–бос» түсінігін үйрету;<br>Балалардың бірлескен сюжеттік ойындарға қатысу қабілеті арттыру; |
| **4-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Көлік түрлері» | «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалардың күнделікті жағдаяттарда тілді дербес қолдануы күшейту; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды** | «Көлік түрлері» | Оқу жылының соңына қарай балалардың кеңістік, сан, түйсік туралы үйренген түсініктері бекітіліп, шағын «сынақ» түрінде қолдануын бекіту;<br>қалыптасқан достық пен эмоционалды байланыстарды анық көрсетуге дамыту; |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **дағдыларын қалыптастыру** | | |
| **Наурыз** | | | |
| **1-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Көктем» | «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар сөйлесу әдебін меңгере түседі – амандасу және қоштасу сөздерін тиісті жерде айтуға жаттықтыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Көктем» | Уақыт және кезең ұғымдары таныстыру;<br>Балалар қысқа уақыт өз бетінше ойнауға дағдыландыру; |
| **2-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Жыл құстары» | «Жыл құстары» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар жұрнақ, жалғауларды байқаусызда дұрыс қолдануға ынталандыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын** | «Жыл құстары» | ортақ тәртіп пен тазалықты ұстануды үйрету;<br>1-ден 10-ға дейін тура санауды жаттап, кейбірі осы сандарды танып айтуға үйрету; |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **қалыптастыру** | | |
| | | **3-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Наурыз мерекесі» . | «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Балалар ән және тақпақ айтуға топпен қатысып, тілін дамытады. Ән айтқанда ырғаққа ілесіп, сөздерді түсініп айтуға ынталандыру; |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Наурыз мерекесі» | Балаларға ассоциация және сәйкестік ұғымдарын қалыптастыру; топтық спорттық ойындарға араластыру: Мысалы, «Қуаласпақ» ойынын 3-4 баламен өз беттерінше ойнауға ынталандыру; |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Көктем кереметі». | Өткен лексикалық тақырыптар бойынша түсінік қалыптастыру қысқа әңгіме жүргізеді, бала сұрақтарға жауап береді, өзі де бірер сұрақ қоюға қадам жасауға ынталандыру; |
| 2 | Сөйлеуді дамыту. | «Көктем кереметі». | «мына суретте не көріп тұрсың?», «мына үшбұрыш пен төртбұрыштың айырмашылығын айт», «5-ке дейін сана», «мына 5 алмаға сәйкес цифрды тап» мүмкіндігінше өздігінен жауап беруге үйрету; |
| | | **Сәуір** | |
| | | **1-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Гүлдер» | «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Қарапайым сұрақтарды өзі қоюға үйрету («Бұл не?», «Кім?», |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | «Қайда?»). Тәрбиешімен ойын кезінде бала сұрақ қоюға талпынады. |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Гүлдер» | «Ортақ көңіл бөлісу» – бала қызықты ойыншықты көрсетіп, тәрбиешімен бірге қуану.<br>«Түстерді салыстыру» ойыны – бірдей түсті бірнеше затты топтастыру және сол түстің реңктерін ажырата бастау (қызыл – ашық қызыл). |
| **2-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Ағаштар» | «Ағаштар» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Қысқа сөйлем құрастыру («Мен ішемін су», «Мама келді»). |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Ағаштар» | «Үлкен–кіші» ұғымын заттарды нақты салыстыру арқылы бекіту (үлкен доп – кіші доп).<br>Құрдасымен қатар ойнауға қатысу, бір кеңістікте бірге әрекет ету |
| **3-апта** | | | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Жәндіктер» | «Жәндіктер» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Өзін таныстыру («Менің атым – …»), құрдасына есіммен жүгіну. |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік** | «Жәндіктер» | «Көп–аз» салыстыруын енгізу (5 кубик пен 2 кубикті салыстыру).<br>Кезекпен әрекет ету ойыны («допты кезекпен домалату»). |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру | | |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Зообақ» | «Зообақ» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру «Иә/жоқ» жауаптарын сөйлеммен айтуға талпындыру («Иә, керек», «Жоқ, қаламаймын»). |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Зообақ» | Логикалық тізбек құрастыру (күнделікті іс-әрекеттер суретін ретімен қою: таңғы ас – серуен – ұйқы). Достық қарым-қатынастың алғашқы қадамдары – құрдасына ойыншық ұсыну. |
| | | **Мамыр** | |
| | | **1-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Менің Қазақстаным» | «Менің Қазақстаным» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру Құрдасын аты-жөнімен шақырып, қысқа өтініш айту (мыс.: «Аян, допты берші»), «иә/жоқ» жауаптарын орынды қолдану және 2–3 сөзден тұратын сөйлеммен қажеттілігін білдіруді тұрақтандыру. |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту** | «Менің Қазақстаным» | Табиғи ортада тапсырмалары орындалады: серуенде «қызыл дөңгелек затты тап», «төртбұрыш пішінді 3 нысанды көрсет» сияқты іздеу-табу ойыны арқылы түс, пішін, сан, кеңістік ұғымдарын |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | | күнделікті ортада қолдануды бекіту;<br>2–3 балаға арналған ортақ ережелі ойынға (доп лақтыру, құмда бірлесіп құрастыру) қатысып, кезек күту мен материалды бөлісу дағдысын сақтауға үйрету; |
| | | **2-апта** | |
| 1 | **Коммуникацияны қалыптастыру** | «Туған өлкем» | «Туған өлкем» лексикалық тақырыбы бойынша түсінік қалыптастыру<br>Бейтаныс ересекпен қарапайым байланыс: амандасу, «Бұл не?», «Қайда?» сұрақтарына қысқа жауап беру, өз атын айту; қажетін өзі сұрап алу («су беріңізші»). |
| 2 | **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту мен әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру** | «Туған өлкем» | Қысқа қорытынды «проверка»: 1–5 дейін санау, «көп-аз», «үлкен-кіші», екі қадамды нұсқауды орындау, 3–4 бөлшекті пазл құрастыру, «алдымен–соңынан» реттеу; нәтижені шағын стикер-картамен белгілеу.<br>Қоштасу, өзгеріске дайындық: «Жазғы режим» визуалды кестесін таныстыру, эмоцияны сөзбен/ишарамен білдіру (қуаныш, уайым), «қоштасу шеңбері» арқылы досына/тәрбиешіге жылы лебіз айтуға үйрету; |
| | | **3-апта** | |
| 1 | **Танымдық дамыту.**<br><br>**Көркемдік-эстетикалық дамыту.** | • Музика және саусақ ойындары | Пассивті сөйлеуін дамыту.<br><br>Ойлауын және қол моторикасын дамыту. |
| 2 | **Сөйлеуді дамыту.** | • «Жаз келеді» тақырыбында | Сюжеттік суреттер бойынша пассивті сөздік қорын дамыту. |



Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әңгімелесу. | |
| | | **4-апта** | |
| 1 | **Сөйлеуді дамыту.** | Түсті таңдау | Екі түрлі түсті зат ұсынылады.Бала ұнаған түсті көрсетеді немесе алып қояды, ассистент баланың таңдауын қабылдайды |
| 2 | **Танымдық дамыту.**<br><br>**Көркемдік-эстетикалық дамыту.** | Өткенді қайталау. | Өткенді қайталау. |

Педагог-ассистент:Асхар Алтынжол



Scanned with CamScanner